

## Батыс Қазақстан облысының Бөкей ордасы ауданының кейбір елді мекендерін тарату туралы

Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2013 жылғы 10 қазандағы № 13-1 шешімі және Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2013 жылғы 8 қазандағы № 217 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2013 жылғы 21 қазанда № 3346 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңдарына сәйкес, Бөкей ордасы аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 263 және Бөкей ордасы аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 7-5 "Бөкей ордасы ауданының кейбір елді мекендерін тарату туралы" бірлескен қаулы және шешімі негізінде Батыс Қазақстан облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Батыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Батыс Қазақстан облысының Бөкей ордасы ауданының кейбір елді мекендері т а р а т ы л с ы н :

Ұялы ауылдық округі бойынша Науша елді мекені;  
Темір Масин ауылдық округі бойынша Куйбышев елді мекені;  
Мұратсай ауылдық округі бойынша Көкқамыс елді мекені.

2. Осы қаулы және шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімінің міндетін  
атқарушы  
С. Шапкенов  
М. Құлшар*

*Сессия төрағасы  
А. Иманғалиев  
Облыстық мәслихат хатшысы*